



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 4 (95)

Нұр-Сұлтан
2021

Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл

Ибраева Г., Хасенов С. Тәуелсіздік жолы және Ұлттық музей	4
Таймагамбетов Ж.К. Краткое содержание докладов автора на международных научных конференциях проекта ЮНЕСКО «Великие переселения народов» (2008-2019 гг).	14
Сыпатайқызы З. Тәуелсіздік жылдарындағы түркілік этномәдениеттердің жаңғыруы	28
Тоқпанов Е.А., Ботбаев А.К. Тарихи-мәдени және табиғи киелі орындардың еліміздің бірлігін сақтаудағы алатын орны	37

Мәдениеттану

Нұрдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә. Таңба-жазу – адамзат танымы мен тарихының құнды ақпараты	44
--	----

Этнография

С. Дж. Атдаев. Исторические данные о туркменской дыне и арбузе	56
Хасенов С.С. Қорғаныс жарағына жататын сауыт түрлеріне қатысты қалыптасқан атаулар	76
Бекзатқызы И. Ақмола облысы Бурабай ауданының топонимиясы: қалыптасуы және қазіргі жағдайы	88

Археология

Хуанган Т. Ат әбзелі: жүгеннің шығу тарихы	100
Әуезов Қ.Ж., Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңіріндегі Алтын Орда кезеңі ескерткіштерінің зерттелуі	107

Тарих. Тұлға. Тағылым

Асанов Қ.Д. Евней Букетовтің қаламгерлік қыры	115
--	-----

Филология

Байтанасова Қ.М. Абай өлеңдеріндегі мәтінаралық жүйе сипаты	122
Сағынадин Г.С. Фольклорлық сюжет: жанр және түркілік мотив көріністері	140

CONTENTS

Kazakhstan's independence – 30th anniversary

Ibraeva G., Khasenov S. The way of independence and the National museum	4
Taimagambetov Zh.K. Summary of the author's reports at international scientific conferences of the UNESCO Project «Great migrations of peoples» (2008-2019)	14
Sypataikyzy Z. Revival of turkic ethnoculture in the years of independence	28
Tokpanov E. A., Botbaev A. K. Role of historical, cultural and natural sacred places in preserving the unity of the peoples of our country	37

Cultural Studies

Nurdauletova B.I., Aimuhambet Zh.A. Symbol-letter – valuable information of human cognition and history	44
--	----

Ethnography

S. J. Atdaev. Historical information about turkmen melon and watermelon	56
Khasenov S.S. Formation of terms of armour types belonging to protective equipment	76
Bekzatkyzy I. Toponymy of Burabay district of Akmola region: formation and current state	88

Archaeology

Khuangan T. Horse harness: the history of the origin of the bridle	100
Auevov K.Zh., Iskakov A.Sh. RResearch of monuments of the Golden Horde period of Ulytau-Zhezkazgan region	107

History. Personality. Reading

Asanov K.D. The literary facets of Yevney Buketov	115
--	-----

Philology

Baytanasova K.M. The characteristic of the intertext system in the verses of Abay	122
Sagynadin G.S. Folklore plot: genre and turkic motifs	140

Хасенов С.С.
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: syrymhasenov22@gmail.com

ҚОРҒАНЫС ЖАРАҒЫНА ЖАТАТЫН САУЫТ ТҮРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН АТАУЛАР

Соғыс кезінде жеңіске жету үшін батырларға жақсы шабуыл қаруларымен қоса жақсы қорғаныс құралдары да қажет болды. Көшпелі халықтардың батырлары қолданған қаруларды көпшілік біршама білсе, олар қолданған жарақ түрлері турасында түсініктер аз кездеседі. Басқа халықтардың әскерлері сияқты қазақ батырларына қатысты жанрларында (батырлық жырлар, батырлық ертегілер, эпостар) жарақ түрлерінің атаулары, бөліктері, жасалуына қатысты деректер өте көп. Егер біз ол деректерді көне көшпелілердің бейнелеу өнерімен, көрші халықтардың жазба деректерімен, көшпелілерден көрші халықтар қабылдаған жарақтармен, басқа түркі халықтары тіліндегі жараққа қатысты деректермен салыстыра зерттесек, қазақтардың жарақтарының түрлерін, формаларын, жасалу әдістерін толық қалпына келтіруге болады. Мақалада кеудені қорғау үшін қолданылатын жарақтың негізгі түріне жататын сауытқа қатысты оның түрлері мен атқаратын қызметтерінің этимологиясы кеңінен қарастырылады.

***Түйін сөздер:** сауыт, кіреуке сауыт, зере сауыт, бек сауыт, берен сауыт, бадана сауыт, көбе сауыт, торғауыт сауыт, жалаңқат сауыт, шарайна.*

Кіріспе. Қасиетті ана тілімізде аңшылық-саятшылыққа, азық-түлікке, әшекей бұйымдарына, құсбегілікке, бай салт-дәстүрімізге, туысқандық қарым-қатынастарға, тағам өнімдеріне, киім-кешекке, ойын-сауыққа, жан-жануарларға, төрт түлік малға және қару-жараққа қатысты қалыптасқан атаулар өте көп. Бұл біздің ана тіліміздің құнарлы да мәнді, сөздік қоры бай ұлы тілдердің бірегейі екендігін танытса керек. Біздің бүгінгі тоқталатын атауларымыз негізінен қазақтың дәстүрлі қару-жарағына, соның ішінде қорғаныс жарағының бірі – **сауытқа** байланысты. Олардың кейбірі қазір тіпті көнерген атаулар қатарын толықтырып

отыр. Қорғаныс жарақтарының негізін құрайтындықтан қазақтар сауыттың бірнеше түрін жасап, қолдана білген. Атап айтқанда: **шығыршықты сауыт** (бек сауыт, кіреуке сауыт, зере сауыт), тақталы сауыт (береңгілі сауыт), көбе сауыт, қаттама сауыт және жалаңқат сауыт (Ахметжанов, 2006: 130-141).

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорында сауыттың бірнеше түрі сақтаулы. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, ол сауыттардың жасалу ерекшеліктері дөңгелек металл шығыршықтардан өріліп жасалған, әрі қазақ жауынгерлері жиі қолданған сауыттың негізгі түрі болғандығын айғақтайды. Белгілі қару зерттеуші, этнограф

Қ. Ахметжанның зерттеуінде кіреуке сауытты шығыс жауынгерлері тамаша техникалық және қорғаныс қасиетіне байланысты ең көп қолданған (Сур. 1).

Кіреукенің шығыршықтары болат сымнан кесіліп алынып, дөңгелене иіліп, ұштары шегемен немесе пісіріп дәнекерлеу арқылы бекітілген. Шығыршықтардың ішкі диаметрін «көз» деп атаса керек. Сонымен қатар қазақтар шығыршық көздерінің көлеміне сәйкес *торғай көз, шөже көз, бадана көз* деп аталатын үш түрін айырған екен (Ахметжанов, 2006: 133-137).

Негізгі бөлім.

САУЫТ – тор көзді темір кіреуке (ҚСЭ, 1976: 219). Ол ұсақ темір шығыршықтарды бір-бірінен өткізіп тоқыған тордан қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. Сауыттың дулығасы, бұған қосымша мойынды жабатын далбағай сауыт және қол сауыт, аяқ сауыт шығыршықтан жеке тоқылады. Ақ сауыттың жағасы бар, жеңі жоқ (ҚСЭ, 1977: 63). Алғашқы сауыттар б.з.д. I мыңжылдықта ежелгі Таяу Шығыс, Қытай мен Үндістанда белгілі болған. Ол металдан, тері-былғарыдан жасалыпты. Испан елшісі Де Клавихо Ақсақ Темір жауынгерлерінің киген сауыттары туралы: «А латы сделаны так же, как и наши, только у них из иной ткани и виден из-под лат, как рубашка» (Барманкулов, 1996: 16). Темірдің қонақтары алдынан үш мың жұп сауыттың алып өтілгендігі айтылады, сауыттар жақсы тоқылған қызыл матамен сәнделіпті.

Қазақ жырларында жасалуы жағынан біртекті деуге боларлық **«мауыт, смауыт, торғауыт, аймауыт»** деген сауыт атаулары кездеседі. Бірақ олардың сауыттық анықтамалары сақталмаған. Бірақ кейбір тарихи жырларда ішінара кездесіп қалады. Сөздің *«мауыт, ауыт, гауыт»* сияқты бір негізді форманттарының сыртқы сипатына қарай, бұл сөздердің астарында моңғол-қалмақ тілінің атаулары жатқан болар деп жорамал жасауға болады.

МАУЫТ (немесе сұр мауыт) сөзі «Ер Қармыс» дастанында кездеседі:

*Астымдағы күрең ат,
Қара-асым деп мінгенмін.
Үстімдегі сұр мауыт,
Кебінім деп кигенмін.
Солқылдаған ақ найза,
Басыма сайғақ болсын деп,
Оң қарыма ілгенмін.*

(Маңғыстау мұралары, 1997: 101).



Сур. 1. Кіреуке.
ҚР Ұлттық музей
қорынан

Fig. 1. On the porch.
From the fund of the
National Museum of the
Republic of Kazakhstan

ТОРҒАУЫТ – бұл жерде келтірілген *«тоғыз қабат торғауыт»* деген тіркестен шындығында да, болған сауыттың тоғыз қабаттылығын күтеміз бе, әлде осы тіркесті ақындық әсірелеу деп есептейміз бе? Бірақ анық нәрсесі сауыттардың әртүрлі материалдардан қабатталып жасалу мүмкіндігі, яғни тоғыз қабатты сауыт болмағанның өзінде тарихи уақытта екі-үш қабатты сауыттың анық екені даусыз.

Бізге тарихтан белгілі торғауыт – XVII-XVIII ғасырларда қазақтарға жақсы танымал болған Еділ-Жайық аймағын жаулап алған қалмақтардың бір этникалық тобының атауы. Міне, осы торғауыт қалмақтардың жауынгерлері арасында таралған сауыттың түрі қазақ жауынгерінің сауытына қарағанда, әлдебір айырмашылығы болғандықтан, қазақ арасында этникалық атау бойынша *«торғауыт (қалмақ) сауыты»* > *«торғауыт сауыт»* > *«торғауыт»* болып аталып кетуі

әбден мүмкін. Өйткені жаугершілік заманда қарсылас жақтың жеңілген батырының аты, қару-жарағы мен сауыт-сайманы аса құнды, беделді олжа болып есептелген, сондықтан қазақ батырларының олжасы болған торғауыт сауыттардың қазақ арасында кең таралуын мүмкін жайт дей аламыз. Бірақ «торғауыт» сөзінің соңғы буындары «ғауыт, ауыт» басқа сауыт атауларына ұқсас болуын заңдылық деп есептейтін болсақ, онда осы сөздің тегін басқадай жолмен іздестірудің қажеттілігі бар екендігін айтуға тура келеді.

Белгілі қару зерттеуші Қалиолла Ахметжанның айтуынша қазақ ауыз әдебиетінде бірнеше қабатты сауыттар көбіне «торғауыт» деп аталады. Көбінесе ондай сауыттарды қалмақ батырлары, хандары кигені айтылады. Қалмақ та, торғауыт та негізінен моңғол тайпалары екені тарихтан белгілі жайт. **Торғауыт** сөзі:

Толғанып тұрған Тарғынды,
Толғап алып салады.
Кірістен шығып кетеді,
Тарғынға таман жетеді.
Тоғыз қабат **торғауыт**,
Сегізінен өтеді.... (ҚТТС, 1986: 209).

Яғни, «тоғыз қабат торғауыт» жоғарыда айтылған моңғолдардың бірнеше қабат теріден жасалған сауыты екені сөзсіз. Моңғолдардың мұндай тері сауыттары туралы Г. Рубруктың жазбаларында айтылады. Моңғолдар арасында XII-XV ғасырларда бұл сауыт түрі кең қолданыста болғанымен, көне түркі өнер ескерткіштерінде, Шығыс Түркістанда табылған өнер мұрағаттарында осындай сауыт киген жауынгерлердің бейнеленуі, бұл сауыт түрінің өте ертеден бүкіл көшпелі түркі-моңғол халықтарына ортақ екенін дәлелдейді. Яғни көне түркі тайпалары да осындай сауыт түрін қолданған. Жалпы Қиыр Шығыста бұл сауыт түрі кең тарағанын айту қажет. Сондықтан қазақ халқының ішіне кіретін ру-тайпаларға осындай сауыт түрін кию онша таңсық болмаса керек.

СМАУЫТ – тор көзді сауыт. Дәуіт соққан *смауыт* («Асан қайғы, Абат-Тоған» жыры). «Сымнан өрілген ауыт (сауыт)» – «сымды ауыт» – «сым ауыт» – «смауыт». «Мауыт» атауы да осы смауыттың бір нұсқасы болуы мүмкін. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: **аймауытқа** – ертедегі батырлар киетін торлы темір сауыттың бір түрі деген анықтама беріліпті

(ҚТТС, 1974: 99). Бастапқы сөз жасалымы «аб» (қаб, саб) немесе «еб» (кеб, себ), ол «жабық, бітеу, жасырылған» дегенді білдіреді. Яғни, бұл формадан кейінгі көп мағыналардың бірі ретінде «адамның денесін жауып тұратын, қорғап тұратын жабын, киім» ұғымы келіп шыққан. «Кебін, жабын, шапан, кебіс, жаулық сияқты сөздер де осындай формада ауысып шыққан киім атаулары болып табылады. Міне, «сауыт» немесе «ауыт» сөздері де «аб» формасы арқылы жасалған: «сауыт» (ауыт) – «сабыт» (абыт) – «саб» (аб). «Саб» сөзі түркі тілінде бір кездері болған «с» – «қ» ауысымына сәйкес «қаб», «қап», «бір нәрсенің қабы, қабығы, кебені, қабаты» дегенді білдіретін болған, сондықтан «сауыт» сөзінің мағынасын «қапталған, қаптаулы» дегенді білдіретін сөз деп есептеуге болады дейді зерттеуші-ғалым С. Қондыбай. «Айымдай жарқыраған **ауыт (сауыт)**» – **айым ауыт** – **аймауыт**. Бұлар нақты сауыт түрі емес, ақындық тілмен суреттелген сауыттың атауы болуы да мүмкін.

БЕКТЕР – жағасы бар, оқ дарытпайтын сауыт деп анықтама берген зерттеуші-ғалымдар Т. Байжанов пен С. Нұрымбетова (Сур. 2). Қазақ тарихи жырлары мен көркем шығармаларда ұшырасатын «жеңсіз берен», «бектер» сөздері «жеңсіз сауыт» мән-мағынасын білдіреді. Л. Будаговта бектер сауыт, В. Радловта «бектер» шағатай тілінің сөзі «сауыт» мағынасын білдіреді (БЭС., 1, 262., IV, 1579). «Бектер» сөзінің түбірі түркі тілдерінде «берік, мықты» ұғымын білдіретін «бек» сөзі болуы керек. Көне түркі тілінде «бек» сөзі «мықты, берік», бегілік, бекілік (мықты, берік) мән-мағыналарын білдірген. Демек, оқ дарытпайтын, найза теспейтін, қылыш кеспейтін берік сауытты – «бектер» деп атаған.

Тарихи жырларда бектер сауыт күрделі терминімен қатар «бек сауыт» күрделі термині ұшырасады:

Атқа ерді салады,
Беренгілі **бек сауыт**,
Шығыршықты көк сауыт,
Беркіне киіп алады...

«Шынтасұлы Төрехан».

Үстімізде ақ сауыт,
Ақ кіреуке **бек сауыт**,
Сені соққан ер Дәуіт...

«Ер Қосай жыры».

Ертеде «бектер» сөзі жеке қолданылып, «сауыт» ұғымында жұмсалған. Бертін келе

қазақ тілінде «бектер» сөзінің «сауыт» мағынасы ұмытыла бастаған. Сөздіктерге енбей қалған. Көркем шығармаларда, негізінен, «бектер» және «бек» сөздері «сауыт» сөзінің алдынан келіп, анықтауыштық қызмет атқарып берік, мықты ұғымдарын білдірген.

«**Бектер**» сөзі – қазақ топырағында қалыптасқан әскери термин. Махамбеттің өлеңіндегі кездесетін «Баданамды бөктеріп» деген тіркестегі «бөктеріп» деген етістіктің ар жағында да осы «бектер» (бөктер) сөзі жатуы ықтимал. Бір кездері орыс әскерінде қолданылған сауыттың бір түрінің атауы – «бахтерцы» сөзі де осы «бөктер», «бектер» деген қыпшақ сөзінен ауысқан (БЭС: 401).

Қазіргі кезде Ұлттық музейдің қорында осындай бек сауыттың бір түрі сақтаулы. Оңтүстік Қазақстанның тарихи-өлкетану музейінен алынған *бек сауыт* «Қазақстан тарихы» залының экспозициясына қойылған. Аталмыш бек сауыт – жиектері темір шығыршықтармен өзара жалғастырылу арқылы жіңішке болат пластиналардан жасалған сауыт түрі. Жағасыз, жеңсіз алдыңғы өңірінен ілмектер арқылы бекітіліп киілетін күрте түрінде жасалған. Сауыттың ұзындығы – 78 см, ені – 42 см. Ғылыми зерттеу барысында бек сауыттың қолданылған мерзімі XVIII ғасыр деп мерзімделген.

БЕРЕН – сауыттың бір түрі. «Асыл туған ерлерім, беренгі сауыт кигені, жасанған жауға тигені, ерлікпен дәурен сүргені» (Е. Ысмаилов. Ақындар) демекші, «*берен*» сөзінің өзі қазақ тілінде көп мәнге ие болған. Мәселен, қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бұл сөзді «болаттан жасалған сауыт, оқпаны ұзын шиті мылтық, пышақ сияқты қару» деген анықтама беріпті (ҚТТС, 1976: 269) (Сур. 3). Соған қарағанда, кейінірек осындай да мағына пайда болған. «Алпамыс» жырында бұл сөз «қыран, ер, батыр, өжет» деген ауыспалы мағынаға ие болған түрінде кездеседі. Бірақ кейін бұл атау хан сарайдағы алпағы, лауазымға айналған. Ақтан ақынның «Ерлік жырында»:

Айбынды ерлер көп өтті.

Кіреуке киген, **беренмен**, –
деген жолдар бар.

Белгілі зерттеуші Қ. Ахметжанның айтуынша берен сауыт болат тақталарды жұмсақ астардың ішінен бекітіп жасаған сауыт түрі. *Тақталы сауыттар* – тері не мата негіздікке бір-біріне түйістіре қатарлана бекітілген



Сур. 2. Бектер сауыты.
ҚР Ұлттық музей
қорынан

Fig. 2. Armour of Beks.
from the fund of the
National Museum of the
Republic of Kazakhstan



Сур. 3. Берен сауыт

Fig. 3. One container

үлкен болат тақталармен (қалқандармен) күшейтілген сауыттар классына жатады.

Қорғаныс жарағы ретінде тақталы сауыт Орталық Азияны мекен еткен көшпелі халықтарда б.з. дейінгі I мыңжылдықтың ортасынан қолданыла бастады. Бұл сауыттарда болат тақталар сауыттың негіздігінің сыртынан бекітілді, түркі тілінде тақталы сауыттың бұл түрі «құяқ» деп аталған. Кейін металл тақталар сауыттың іш жағынан, негіздік пен астардың арасына бекітіле бастайды. Берік болу үшін болат тақталардың беттеріне кейде қосымша қырлар салынған. Тақталы сауыттың әр жерінде көлемі, формасы әртүрлі болып жасалған тақталар қолданылды. Оларды бекітетін қайырма шегелердің бастары сауыттың мата тысының сыртына шығып тұрды да, белгілі бір өрнек құрап орналасты. Сәнді болу үшін әдетте шегелердің бастары жалпақ, фигуралы болып жасалып, алтындалып әшекейленді. Бұл жасырын қорғанысты тақталы сауыт Шығыста II мыңжылдықтың бірінші жартысында кең тарай бастайды. Отты қару пайда болып, ауыр жарақтанған әскердің жоғалуымен бірге тақталы сауыттар XVIII-XIX ғасырларда қолданыстан мүлде шығып кетті.

Қазақтар бұл сауыт түрін «*береңгілі (беренді) сауыт*» деп атайды, яғни «*береңгісі (берені) бар сауыт, берен тақталы сауыт*» деген сөз. Бұл сауыт түрінің атауында қорғаныс қасиетін қалыптастыру принципі және қорғаныс қасиетін қалыптастырушы элементінің атауы да көрсетіліп тұр, яғни сауыттың болат тақталарының атауы да «*берен*» («*берең*»).

Көне магиялық түсініктерге негізделген лингвистикалық табуға (тыйымдарға) байланысты сауыттың қорғаныс қасиетін қалыптастыратын негізгі элементі – «*берені*» сауыттың өз атауының орнына эвфемистік жанама атау ретінде қолданылып, бұл сауыт түрін кейде «*берен*» деп те атайды. Үлкен болат тақталар негіздікке қозғалмайтын болып бекітілетіндіктен бұл сауыт түрі әдетте жеңсіз жасалған, сондықтан ауыз әдебиетінде бұл сауыттың «*жеңсіз берен*» немесе «*жеңсіз*» деген атаулары да кездеседі.

Денеге киіліп қолданылатындықтан халықтық әскери терминологияда сауыттың синонимі ретінде «*тон*» сөзі қолданылып, жауынгерлік сауыттың жеке түрлерінің атауларында қосылып айтылып, кіреуке сауытты – «*кіреуке тон*», көбе сауытты – «*көбе*

тон» деп атайтыны сияқты, берен сауыт та кейде «*берен тон*» деп атала береді. Сауыттардың ішінде тұтастай металдан жасалған сауыттар тобы, басқа халықтардағы сияқты, қазақтарда да *ақ сауыт* деген ортақ атаумен аталады (салыстырыңыз, орысша: «белый доспех», «белое оружие», немісше «*Blanke Waffe*»). Органикалық материалдардан (сүйек, мүйіз, теріден) жасалған қатты сауыттарға бұл атау қолданылмайды. Сондықтан берен сауытты кейде *ақ сауыт* немесе *ақ берен* деп те атайды. Халықтық әскери терминологиядағы берен сауыттың бұл бірнеше дәстүрлі атаулары қазақтардың қорғаныс жарағын жіктеудің дәстүрлі жүйесі құрылымындағы осы сауыт түрінің орнын және бұл құрылымның түрлі таксономиялық деңгейлерімен қатынасын көрсетеді.

Үлкен болат тақталар қолданылып жасалғандықтан бұл сауыт өте берік болған, қазақ ауыз әдебиетінде де берен сауыттың беріктігі баса айтылады. Жауынгерлер берен сауытты осы беріктігі үшін әлсіздеу келген кіреуке, қаттама сауыттардың сыртынан киген.

Қорғаныс элементтері тысы мен астарының арасында жасырын орналасқандықтан бұл жауынгерлік жарақты әскери киім ретінде де киюге болатын. Берен сауыттың тысына қымбат, әдемі маталар қолданылып сәнді болып жасалып, оны көбіне хандар, қолбасшылар киген.

БАДАНА – жауынгерлердің киетін темір сауытының бір түрі. Белгілі ғалым Қ. Ахметжанның зерттеу еңбегінде үлкен жалпақ соғылған шығыршықтардан тоқылып жасалды, сондықтан кіреукенің бұл түрі өте берік болды, ауыз әдебиетінде де бұл бадана сауыттың беріктігі баса айтылады. Бұл кіреукеде шығыршық көзінің көлемі «*бадана*» атты өсімдік пиязшығының көлеміндей болғандықтан осылай аталған. Махамбеттегі:

Баданамды бөктеріп,
Қасыма жаттан жолдас ертіп,
Күн-түн қатып жүргенім, –
немесе қырғыздың «Манасындағы»:
Батыр Толтай балпылдап,
Бадана киіп жарқылдап,
Қылышы белде салпылдап,
Сақ бүркіттей саңқылдап (ҚТТС, 1976: 269).
Орыс тілінде сауыттың бір түрінің атауы болған «**байдана**» сөзі – осы «**бадана**» сөзімен түбірлес болып келеді (ҚТТС, 1976: 19).



Қазақстан музей қорларында сақтаулы *бадана көзді сауыттар* көп емес. Мемлекеттік Орталық музей қорындағы бадана сауыт қысқа жеңді, жағасыз жейде түрінде темір шығыршықтардан өріліп жасалған. Жағасының ойымы жартылай дөңгелекті, алқымының тігінен жырымы бар. Жеңі жиегінде қиғаш қиылған, етегі алдынан да (23 см), артынан да (12 см) жырылып жасалынған. Сауыт диаметрі 0,15 см темір сымнан жасалған ірі шығыршықтардан өрілген. Шығыршықтар сәл сопақ формалы, сыртқы диаметрі 1,5 см, ұштары шеге арқылы бекітілген. XIX ғасырдың ортасында Кіші жүздің Орта бөлігінің сұлтан – правителі болған Кіші жүз сұлтаны Арыстан Жантөриннің бадана сауыты. Сауыт (түгендеу нөмірі КП 2086) музей қорына 1923 жылы сұлтанның немересі Қайыр Қасымовтың ұрпақтарынан алынған. Зерттеу барысында сауыт XVII-XVIII ғасырлармен мерзімделген. Осы музейде тағы да осындай бадана кіреукенің бір үлгісі сақталған (КП 2091).

КӨБЕ – қазақ жауынгері киетін сауыттың бір түрі, қаптама. Мысалы, Жамбылдың толғауындағы:

Ажалдың оғы келгенде,
Қорғаны болмас **көбенің**,
Түсі суық келеді,

Төрт қырлы көк жебенің (ҚТТС, 1980: 82), деген жолдарында айтылатын бұл атау М. Қашқаридың сөздігінде де бар, онда ол «**күбе**» деп аталған. Сөздікте келтірілген «**күбе йарық**» тіркесінің «шынжыр сауыт, темір сауыт» деп аударылғанына қарағанда, бұл сөздің сол кездегі мағынасы «темір немесе темір шынжыр» болғаны анық (Қашқари, 1997: 296). Сондай-ақ, «**көбе**» сөзі қазақ тілінде «тырнақтың айналасындағы жиек еті немесе бір нәрсенің жиегі, шеті» дегенді де білдіреді. Табиғатта құстардың қауырсындарының, жыланның, балықтың қабыршақтарының бұлай орналасуы суықты, желді, суды өткізбейтін қорғаныс қасиетін күшейту үшін пайда болған. Осыны жақсы білген көшпелілер сырт киімге тері, сүйек, кейін металл тіліктерін бір-бірін бастыра, көбелендіре бекітіп, киімнің қорғаныс күшін арттырып, сауыт жасай бастаған. Мұндай сауыт түрі «**көбе сауыт**» деп аталады. Қауырсын, тырнақтардың бұлай орналасуына қарай «**көбе**» аталғаны сияқты бұл сүйек, металл тіліктерді де «**көбе**» деп атайды, кейде сауыттың өзін де «**көбе**» деп атай береді.

Көбе сауыт атауын басқа түркі халықтардың тілдерінде де кездестіреміз, хакас тілінде «*күбә*», қырғыз тілінде «*күбә*». Құмықша «*кове*». Шығыстан батысқа дейін орналасқан барлық түркі халықтарының тілінде кездесуі бұл сауыттың барлық көшпелі халықтарға ортақ, ең кең тараған сауыт түрі екенін көрсетеді. Орыс тілінде мұндай сауыт түрін жыланның көбеленген қабыршағына ұқсастырып «*чешуйчатый панцирь*» (қабыршақты сауыт деген сөз) деп атайды. Түркі халықтарында да көбе сауытты жыланның қабығына ұқсату кездеседі, мысалы құмық тілінде бұл сауыттың «жылан көбе» деп атауы сақталған.

«*Көбе сауыт*» көшпелі халықтарда өте ерте заманнан қолданыла бастады. Сақ, скиф, сарматтардың көбе сауыт кигенін олардың бейнелеу өнері мен археологиялық қазба материалдары дәлелдейді. Сол дәуірге қатысты обаларды қазған кездерде көбе қалдықтары жиі кездеседі. Ол туралы көрші халықтардың жазба деректерінде де айтылады. Көбе сауыт киген жауынгерлер скифтердің алтын заттарында да бейнеленген. Мәскеудегі Шығыс өнері музейінде ұзын көбе сауыт киген жаяу және аттылы түркі жауынгерлерін бейнелейтін мүсіндер көбе сауытты түркі жауынгерлерінің де кигенін көрсетеді. Қазақ ауыз әдебиетінде көбе сауыттың жиі айтылуы, бұл сауыт түрінің қазақтарда да кең қолданыста болғандығының айғағы (Ахметжанов, 1996: 100-102).

КІРЕУКЕ – темір сауыттың бір атауы. XIX ғасыр қазақтарының тілінде осы атаумен алтын жіппен тігілген, жібектен жасалған қымбат шапанды да атайтын болған (ҚТТС, 1979: 535). «Ер Қармыс» дастанында:

Бойына қару іледі,

Кіл бедеуге мінеді.

Ақ кіреуке тонменен,

Сайрап жатқан жолменен,

Күн-түн қатып келеді (ҚТТС, 1980: 419) – делінсе, Ақтан ақынның «Ерлік жырында»:

Айбынды ерлер көп өтті.

Кіреуке киген, **беренмен** (Маңғыстау мұралары, 1997: 95), – деген жолдар бар. «Кіреуке» сөзінің этимологиясы анықталмаған, әзірге оның мағынасы «*крен*» деген, кейіннен «жібек не жүннен тоқылған матаның» атауын (мысалы, *крепдешин*) деген ұғымнан шыққан болар деп жорамалданады. «*Крен* > *кренік* > *креуек* > *кіреуке*». Мәселен, әзербайжан тілінде

«кіреуке» сөзі «сауыт астынан киетін жай киім» дегенді білдіреді екен. Ақтамберді жырау толғауында:

Күдеріден бау тағып,

Ақ кіреуке киер ме екенбіз (Маңғыстау мұралары, 1997: 245) – делінсе, Доспамбет ақынның жырында:

Күдеріден бау тағып,

Кіреуке киер күн қайда (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 64), – деген жолдар айтылады.

Қарутанушы, этнограф Қ. Ахметжанның пікірінше кіреуке – пішімі қысқа жеңді жейде түрінде жасалып, дөңгелек металл шығыршықтардан өрілген торлы сауыт. Қазақ тілінде «кіреуке» сөзі селдір, торлы деген мағынаны білдіреді.

Кіреуке сауыт көшпелі халықтарда I мыңжылдықтың басынан, ғұн-сармат заманынан қолданыла бастаған. Түркі заманында кіреуке сауыт көшпелілер жауынгерлерінің қорғаныс жарағының негізгі түріне айналды. Орта ғасырда көшпелі халықтарда кіреуке өрімін жасау технологиясы жетілдірілуімен бұл сауыттың көптеген үлгілері пайда болды. Тамаша техникалық және қорғаныс қасиетіне байланысты кіреуке Шығыс жауынгерлерінің ең көп қолданған сауыт түріне айналды. Қазақ жауынгерлері кіреукені қорғаныс жарағы ретінде XIX ғасырға дейін қолданып келді, бұл кезеңде от қаруының кең қолданысқа енуімен кіреуке сауыт қолданыстан шықты.

Бүгінгі күні Қазақстан музейлерінің қару-жарақ коллекцияларында және жеке адамдардың қолдарында XVII-XVIII ғасырларға жататын көптеген кіреукелі сауыттар сақталған. Кейбір кіреукелерді қазақ тарихындағы белгілі тарихи тұлғалар да пайдаланғаны мәлім. Мысалы, Алматы қаласындағы Мемлекеттік Орталық музей қорындағы Арыстан сұлтан мен Қаумен батырдың ұстанған кіреукелері және т.б. батырлар мен тарихи тұлғалардың осындай сауыттары бүгінде киелі зат ретінде олардың ұрпақтарында да сақталып отыр. Осындай кіреуке сауыттың бірнеше үлгілері Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық музей қорында да кездеседі. Бір үлгісі «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залының экспозициясына қойылған.

ҚАТТАМА – сауыттың бір түрі. Қазақ батырлары металдан соғылған берік сауыттармен қатар, жұмсақ материалдан

жасалған жеңіл сауыттарды да киген. Мұндай сауыт киген жауынгерлерді көптеген халықтардың бейнелеу өнерінен көруге болады. Көне грек тарихшысы Геродот ассириялықтардың осындай, матадан тігілген сауыт түрін қолданғанын жазады. Орыс тілінде бұл сауыт түрі «тягилай» деп аталады. Өткен ғасырлардағы гравюраларда орыс жауынгерлері осындай сауытпен бейнеленген. Бұл сауытты моңғолдар «хатангу дегель» (қатайтылған шапан) деп атаған. Орыстың «тягилай» сөзі моңғолдың «дегель» (шапан) сөзінің өзгерген түрі болу керек. Шыңғыс хан заманында моңғолдар бұндай сауытты көп киген.

Қазақтар да осындай бірнеше қабат жібектен не басқа матадан тігіліп, жүн мақта, қыл салып сырылған жеңіл сауыт түрін қолданып, оны «қаттама» немесе «қаттау» деп атаған. Бұл жарақ әрі жылы киім, әрі қарудан қорғайтын сауыт бола алатын. Бұл сауыттың осы ерекшелігі халық ауыз әдебиетінде де көрініс тапқан. Ақтамберді жыраудың шығармасында осы сауытқа қатысты мынандай жолдар кездеседі:

Киім кисең **қаттау** ки,

Суық келсе панаң-ды.

Найза тисе қалаң-ды,

Тобылғының беректей (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 33).

Көрнекті тарихшы Е. Бекмаханов өзінің Кенесары көтерілісі туралы еңбегінде мынадай дерек келтіреді. Бұхар әмірі достық белгісі ретінде Кенесарыға «күміс сауыт пен алтын қылыш сыйға тартып, соған қосымша оның өтініші бойынша, қафтан тіккізу үшін екі орам жібек жібереді. Одан оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін, найза кірмейтін киім тіктіруге болады екен. Ол киімді қазақтар «қаттау» дейді ...» (Хан Кене, 387).

Қаттама сауыттармен бірге, осылай жасалған қаттама дулығалар киілген. Қазақстан музейлерінде қазақтар киген бұл сауыт түрінің үлгісі жоқ. Жұмсақ материалдан істелгендіктен бұл сауыттар, әрине сақталмаған шығар. Музей қорына жиналмауына қаттаманың қызметін түсінбей, оны сауытқа санамау да себеп болуы мүмкін. Мінекей шығыста өте ертеде пайда болып, көшпелі түркілер арасында кең тараған бұл сауыт түрін қазақтар XIX ғасырға дейін қолданып келді. Бірақ кейін бұл да ұмытыла бастаған.

ЖАЛАҢҚАТ – қазақ батырлары қолданған тағы бір сауыттың атауы (Сур. 4). Қобыланды батыр шығармасында кездеседі:

Мінбекке керек қазанат,
Беліне керек шар болат.
Денеге керек **жалаңқат**...

Белгілі қару зерттеуші Қ. Ахметжанның пікірінше бұл сауыт атауындағы «жалаң» және «қат» сөздерінің қолданылуына қарағанда бұл сауыт астарсыз, не тыссыз бір ғана қабаттан тұратын болу керек. Бір қабат қалың металлдан тұтас қылып соғылатын сауыттарды жауынгерлер ерте заманнан қолданғаны белгілі. Көне грек, рим жауынгерлері осындай сауыттар киген. Еуропада ол ХІХ ғасырға дейін қолданылып келді. Бұл сауыт түрі – «кираса» деп аталады. Бейнелеу өнері мен археологиялық материалдар бұл сауыт түрін көне көшпелілер де қолданғанын көрсетеді. Скиф өнер ескерткіштерінде, балбал тастарында осындай кираса киген жауынгерлер бейнеленсе, скифтер обаларынан кирасалардың тұтастай бөліктері табылған.

Түркі петроглифтерінде де осындай сауыт киген жауынгерлер бейнесі кездеседі. Қыпшақ балбал тастарындағы жауынгерлердің үстінде осындай сауыт. Орыстың ортағасырлық миниатюраларында половецтер (қыпшақтар) осындай сауытпен бейнеленген. Кираса сауытты көшпелілердің батыс тобы, (скифтер, сарматтар, қыпшақтар) көбірек қолданғанға ұқсайды. Сондықтан қара қыпшақтан шыққан Қобыланды батыр туралы жырда жалаңқаттың айтылуы кездейсоқ емес. «Жалаңқат» – кираса сауыттың қазақша атауы болу керек. Қыпшақ батырлары жалаңқат сауытты ХІ-ХІІ ғасырларға дейін қолданған секілді.

Мұндай сауыттың Алматыдағы Мемлекеттік Орталық музей қорында бір сақтам бірлігі сақтаулы. Ол арқалық бөлігі сақталған қалыңдығы 0,1 см қаңылтыр темірден жасалған. Сауыттың арқалығы шеттерінде ені 0,7 см болатын дөңес қыр өтеді, жиектері ішке қарай қайырылып соғылған. Темірдің үстіңгі жағы сауыттың шетіне 3 см жетпейтіндей жез қаңылтырмен жабылып, оның бұрыштары диаметрі 0,8 см жартысфералы бастары бар жез тойтарма шегелермен бекітілген. Иығында бауларымен бірге шығыршықтарының диаметрі 1,8-2 см шынжырлардың қалдықтары сақталған. Сауыттың түгендеу нөмірі КР 2156. Музей қорына 1922 жылы 4-мамырда



Сур. 4. КР 2156
Жалаңқат.
КР МОМ қорынан

Fig. 4. KP 2156
Naked
From the fund of RK MOM



Сур. 5. Зере сауыт.
Суретін салған
Қ.Ахметжан

Fig. 5. Zere armour.
Painted by
K. Akhmetzhan

М.А. Коганнан алынған. Биіктігі 42 см, белінде ені 36 см, иығында – 27 см. Ғылыми зерттеу барысында сауыттың қолданылған мерзімі ХІХ ғасыр деп көрсетілген.

ЗЕРЕ – шығыршықтардың арасына ірілі-кішілі металл пластиналар қосылып өріліп жасалатын шығыршықты-пластиналы сауыт (Сур. 5). Мұндай сауыттар тобын қазақтар *зере сауыт* деп атаған. Бұл атау парсы тіліндегі темір шығыршықты сауытты білдіретін *зирин* / *зирх* / *зереһ* атауының қазақ тілінде тілдің өз заңдылығына сәйкес өзгерген түрі. Көшпелі түркі халықтарында бұл сауыт түрі ХІV ғасырда, Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) заманы кезінде қолданысқа еніп, ХV-ХІХ ғасырларда ең жиі қолданған сауыт түрі болды. Бұл сауыт түрі шығыршықты сауытта адам денесінің қарудан қорғайтын ең маңызды тұстарында шығыршықтарды темір, болат пластиналармен ауыстыру арқылы пайда болды. Бұл әдіс сауыттың қорғаныс қасиетін де күшейтіп, жасалуын да жеңілдетіп, сауыттың қозғалмалы мүмкіндігін де сақтады.

Зере сауыт арнайы тапсырыспен жасалып, қымбат бағаланған. Жасалуы күрделі бұл сауыт түрін атақты батырлар, әскербасылар киген (ҚЭҚАДЖ. Энциклопедия, 2017: 50).

ШАРАЙНА – кеудені қорғау үшін сауытпен қатар қолданылатын жарақ түрі (Сур. 6). Зерттеуші-этнограф Қ. Ахметжанның айтуынша бұл қорғаныс жарағының екі бөлек жолмен қалыптасқан екі үлгісі бар. Кейін осы екі үлгісі қосылып, шарайнаның үшінші – күрделі түрі пайда болады. Бейнелеу өнері материалдарынан өте ерте кездерде жауынгерлер қарудан қорғаныс ретінде сырт киімнің кеудесіне, арқасына, иығына дөңгелек болат тақталар бекіткенін көруге болады. Оларды бетін тегістеп, жалтыратып қоятын. Пішіні мен жылтырлығы айнаға ұқсағандықтан бұл тақталарды «айна» деп атаған болу керек. Алғашқыда бұл болат, темір айналар сырт киімге, сауытқа бекітілсе, кейін қайыс баумен, ілгек арқылы бір-бірімен байланыстырылып, денеге бөлек киілетін болды (Ахметжанов, 1996: 121).

«Шарайна» атауы негізінде бұл жарақтың осы екінші үлгісінің атауы «шар» парсыша «төрт» деген сөз. «Шарбақ», «шардақ», «шаршы», «шартарап» сөздеріндегідей. Шарайна «төрт айна» дегенді білдіреді. Тақталары болат темірден жасалатындықтан шарайнаны кейде



Сур. 6. КП 2158
Шарайна.
КР MOM қорынан

Fig. 6. KP 2158
Sharaina.
From the fund of RK MOM

«шарболат» деп те атайды. Ауыз әдебиетінде жиі кездесетін «Беліне байлап шарболат» – деген сөз тіркесі осыны білдіреді. Бұл үлгідегі шарайна киген жауынгерлерді парсы өнерінде жиі кездестіреміз. Шарайналардың тақталары сәнді болу үшін, алтындалып, беттеріне ою салынып, құранның аяттары жазылатын. Іш жағы мақпал, барқытпен астарланып, жиектері шашақталып, аң терісінен жұрындалуы мүмкін. Екі бүйірлік тақталарының қолтық тұсы ойық болып келеді. Сәнділігі де, беріктігі үшін шарайналарды атақты батырлар, хан-патшалар, қолбасшылар киген. Шығыста бұл шарайналар ХV-ХVІ ғасырларға дейін қолданыста болған. Орыстарда шарайнаны «зерцало» (айна) деп атаған. Ал Еуропа елдерінде шарайна мүлдем қолданылмаған. Бұл жарақтың орыстарға шығыстан ауысқаны түсінікті. Бұл жарақты орыстар басқа қару-жарақ нұсқалары сияқты көрші отырған көшпелі халықтардан алуы мүмкін. Шарайналар қорғаныс жарағы ретінде орыстарда ХІІІ-ХVІ ғасырларда қолданылған.

Сондай-ақ «шарайна» сауыттың жылтырақ металдан істелген бір түрі ретінде айтылса, бірақ фольклорда осы сөз сауыттың атауы

ретінде қолданылып жүр. Аңшыбай батыр өлеңінде ішінара кездеседі:

Аңшыбайдың ішінде,

Бар еді киген **шарайна**...

Музей қорларында сақталған бірді-екілі шарайналарға тоқталатын болсақ, Мемлекеттік Орталық музейінде КП 2158 нөмірлі шарайна сақтаулы. Бұл шарайнаны XIX ғ. бірінші жартысында өмір сүрген, Кіші жүздің Орта бөлігінің сұлтан – правительі болған сұлтан Арыстан Жантөрин ұстанған. 1923 жылы 30 сәуірде хан Қайыр Қасымовтың ұрпақтарынан алынған. Шарайна өзара топсалармен байланысқан төрт тақтадан (арқалық, кеуделік және екі бүйірлік) тұрады. Топсалардың жиектері екі бүктелген жіңішке темір таспадан жасалған, шеттері фигуралы, тақталарға шегемен бекітілген. Екі бүйірінде бүйір тақталармен топса арқылы қосылады. Үстіңгі жағында иық қайысбауына арналған екі доғабасы бар. Кеуделіктің әр жарты тақтасы қырнау әдісімен ішінде Құран аяттары жазылған өрнекті рамамен әшекейленген, тақтаның екі бөлігінің әшекейлері қосылып бір тұтас ою құрайды. Шарайна тақтасындағы бұл Құран аяттарының жазылуы магиялық қорғау қызметін атқарды. Осындай конструкциялы және көркемдеу әдісі осындай шарайналарды XVIII-XIX ғғ. Шығыста әміршілер, билеушілер қолданған.

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіндегі Қазақстан тарихы залының экспозициясына қойылған шарайна нұсқасы қазіргі уақытта жасалған. Шарайнаның авторы Алматы қаласының тұрғыны қолөнер шебері Үсен Сейдалиев. Шарайна (түгендеу нөмірі – ҚРҰМ қж 2/5,6,7) музей қорына 2000 жылы өткізілген. Шарайна екі үлкен және екі орташа көлемдегі төрт тақтадан құралған. Екі үлкен тақтаның арқалық және кеуделік бөліктері жоғарыдан төмен қарай қысқалау болып жасалған. Беттеріне қырнау әдісімен салынған төртбұрышты раманың ішіндегі төрткүл өрнекпен ою-өрнектер әшекейленген. Төрт

тақталар бір-бірімен қайысбаулар арқылы жалғанған.

САЙ немесе **САЙМАН**. М. Қашқари сөздігінде жауынгердің киетін сауыты «*сай* немесе «*сай йарық*» деп аталады (Қашқари, 1997: 133), (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 33). Қазақ тілінде «**сауыт**» сөзіне қосарланып айтылатын «*сайман*» (*сауыт-сайман*) сөзі де осы «*сай*» ұғымымен байланыста болуы мүмкін.

КЕБЕНЕК – *кебене, кебентай* деп те аталады. Аяздан, жауын-шашыннан қорғану үшін киетін жұқа киізден тігілген сырт киім. Мысалы,

Кебенек киген келеді,

Кебін киген келмейді...

«Кебенек» сөзіндегі «кебен», «кеб» сөздері бастапқыда жалпы адамның денесіне киетін киімнің атауы болған (кебіс, кебін, кепка, қап, қаптау, қаптама).

ҚАЗАН – темір сауыттың бір атауы екен. Сондай-ақ, Махмұт Қашқари өз сөздігінде басында дулығасы, үстінде сауыты жоқ ерді «**башнақ ер**» деп атап кетіпті (Қашқари, 1997: 221). Бұл сөздің мағынасын анықтау үшін әлі де зерттеу жұмыстары қажет деп есептейміз.

Қорытынды. Түйіндей келе, жазба және бейнелік дереккөздері осы аталған сауыттарды қазақтар жаугершілік кезеңінде-ақ кең қолданғанын айғақтайды. Қалалық мәдениет қарыштап дамыған Қазақстанның оңтүстік аймақтарында бұрын қару өндіретін орталықтар өте көп болған. XVI-XVIII ғасырларда гүлденіп тұрған Сығанақ, Отырар, Түркістан, Тараз, Күлтөбе қалаларында жүргізілген археологиялық қазба жұмысы кезінде табылған ұсталық шеберханалардың қалдықтары осының бір дәлелі. Оны ауыз әдебиетінің көптеген мәліметтері де дәлелдеп отыр. Сондай-ақ көшпелі халықтарға тән қорғаныс жарақтарының барлық түрі қазақтарда XVIII ғасырға дейін, ал кейбір түрлері XIX ғасырдың аяғына дейін қолданыста болды.

Әдебиеттер

1. Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: Алматыкітап, 2006.
2. ҚСЭ. /Бас ред. М.Қаратаев. – Алматы: ҚСЭ, 1976. 8-т. – 219-б.
3. ҚСЭ. /Бас ред. М.Қаратаев. – Алматы: ҚСЭ, 1977. 10-т. – 63-б.
4. Барманкулов М. Тюркская вселенная. – Алматы: Білім, 1996. – С.16.
5. Маңғыстау мұралары. – Алматы: Қағанат-ҚС, 1997. – 101-б.
6. Ер Тарғын. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 9-т. – 209-б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974. 1-т. – 99-б.
8. Большой энциклопедический словарь. Т.9: Гоа -Гравер. 1893. – 474 с.
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1976. 2-т. – 269-б.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1976. 2-т. – 19-б.
11. Большой энциклопедический словарь. Т.9: Гоа -Гравер. 1893. – С. 401.
12. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1980. 5-т. – 82-б.
13. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. 3-кітап. – 296-б.
14. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1979. 4-т. – 535-б.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1980. 5-т. – 419-б.
17. Маңғыстау мұралары. – Алматы: Қағанат-ҚС, 1997. – 95-б.
18. Маңғыстау мұралары. – Алматы: Қағанат-ҚС, 1997. – 245-б.
19. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. 1-кітап. – 64-б.
20. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. 1-кітап. – 33-б.
21. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3 том. Ғыл. ред. Н.Әлімбаев. – Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. – 50-б.
22. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996. – 121-б.
23. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. 1-кітап. – 65-б.
24. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. 3-кітап. – 133-б.
25. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. 3-кітап. – 221-б.

References

1. Akhmetzhan K. Ethnography of Kazakh traditional weapons. – Almaty: Almatykitap, 2006.
2. KSE. / Bass ed. M.Karatayev. – Almaty: KSE, 1976. Vol. – 219 p.
3. KSE. / Bass ed. M.Karatayev. – Almaty: KSE, 1977. Vol. P.
4. Барманкулов М. Turkish universal. – Almaty: Education, 1996. – P.16.
5. Heritage of Mangystau. – Almaty: Kaganat-KS, 1997. – 101 p.
6. Er Targyn. Explanatory dictionary of the Kazakh language. Almaty: Science, 1986. Volume 9. 209 p.
7. Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1974. Vol. P.
8. Large encyclopedic dictionary. Vol.9: Goa-Graver. 1893. – 474 p.
9. Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1976. Volume 2. – 269 p.
10. Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1976. – Vol. P.
11. Large encyclopedic dictionary. Vol.9: Goa-Graver. 1893. – C. 401.
12. Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1980. – Vol. P.
13. Kashgari M. Turkish dictionary. – Almaty: Hunt, 1997. Book 3. – 296 p.
14. Akhmetzhanov K.S. Wearing a wounded iron. – Almaty: Daur, 1996.
15. Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1979. Volume 4. – P. 535
16. Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Science, 1980. Vol. – 419 p.
17. Heritage of Mangystau. – Almaty: Kaganat-KS, 1997. – 95 p.
18. Heritage of Mangystau. – Almaty: Kaganat-KS, 1997. – 245 p.



19. Five centuries sing. – Almaty: Writer, 1989. Book 1. P.

20. Five centuries sing. – Almaty: Writer, 1989. Book 1. P.

21. The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia. 3 vols. Science. ed. N. Alimbay. – Almaty: Alem Damu Integration, 2017. p.

22. Akhmetzhanov K.S. Wearing a wounded iron. – Almaty: Daur, 1996. – 121 p.

23. Five centuries sing. – Almaty: Writer, 1989. Book 1. – P.65

24. Kashgari M. Turkish dictionary. – Almaty: Hunt, 1997. Book 3. – 133 p.

25. Kashgari M. Turkish dictionary. – Almaty: Hunt, 1997. Book 3. – 221 p.

Хасенов С.С.

Национальный музей Республики Казахстан
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: syrymhasenov22@gmail.com

БРОНЯ, ОТНОСЯЩАЯСЯ К ЗАЩИТНОМУ СНАРЯЖЕНИЮ СЛОЖИВШИЕСЯ НАЗВАНИЯ ВИДОВ

Чтобы выиграть войну, героям требовалось хорошее оружие и хорошая защита. Хотя многие были знакомы с оружием, используемым кочевыми героями, мало кто понимал, какие типы оружия они использовали. Подобно армиям других народов, жанры казахских героев (героические песни, героические сказки, былины) содержат много информации об названиях, частях и типах оружия. Если сопоставить эти данные с изобразительным искусством древних кочевников, письменными данными соседних народов, оружием, полученным от кочевников соседними народами, данными об оружии на языке других тюркских народов, то можно полностью восстановить типы, формы и способы казахского оружия. В статье подробно рассматривается этимология видов и функций сосуда, который относится к основному виду снаряжения, применяемого для защиты грудной клетки.

Ключевые слова: кольчуга, кольчужный доспех, зере-доспехи, бек-доспехи, берены-доспехи, кольчужный доспех «байдана», кобе-доспехи, торгауыт-доспехи, кираса, зеркало.

Khasenov S.S.

National Museum of the Republic of Kazakhstan
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: syrymhasenov22@gmail.com

FORMATION OF TERMS OF ARMOUR TYPES BELONGING TO PROTECTIVE EQUIPMENT

To win a war, heroes needed good weapons and good defense. While many were familiar with the weapons used by nomadic heroes, few understood what types of weapons they were using. Like the armies of other nations, the genres of Kazakh heroes (heroic songs, heroic tales, epics) contain a lot of information about the names, parts and types of weapons. If we compare these data with the visual arts of ancient nomads, written data of neighboring peoples, weapons received from nomads by neighboring peoples, data on weapons in the language of other Turkic peoples, then it is possible to completely restore the types, forms and methods of Kazakh weapons. The article discusses in detail the etymology of the types and functions of the vessel, which belongs to the main type of equipment used to protect the chest.

Key words: chain mail, chain mail armor, zere-armor, back-armor, beren-armor, chain-mail armor «baidan», kobe-armor, torgauyt-armor, cuirass, mirror.